



Jaqsynyň aty ólmeidi, álimniň haty ólmeidi

BUQAR JYRAÝ JARSHYSY

№36
(1679)

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jyldyň 12 sáyirinen bastap shygady Газета издается с 12 апреля 1939 года

12 qyrkúiek 2026 jyl
сентября 2026 года

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді отбасы үшін орны бөлек, жүрекке жылу сыйлайтын Отбасы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Отбасы – әр адамның өміріндегі ең қымбат құндылық. Адамның бойындағы мейірім мен жауапкершілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді қасиеттер ең алдымен отбасында қалыптасады. Әке мен ананың өнегесі, ата-әженің ақылы, балаға деген қамқорлық пен өзара сыйластық – берік шаңырақтың негізі.

«Отан – отбасынан басталады» деген сөздің мәні де осында. Тату әрі берекелі отбасылар көбейген сайын қоғамның да іргесі беки түседі. Сондықтан отбасылық құндылықтарды сақтау, ұрпақ тәрбиесіне мән беру – баршамызға ортақ міндет.

Біздің ауданымызда да талай жылдан бері тату-тәтті ғұмыр кешіп, бала тәрбиесіне үлгі болып жүрген өнегелі отбасылар аз емес. Олардың өмір жолы, еңбекке деген адалдығы мен ұрпаққа көрсеткен тәрбиесі – кейінгі буынға үлкен тағылым.

Осы айтулы күні әр шаңыраққа амандық пен тыныштық, өзара түсіністік пен береке тілейміз. Әр отбасында мейірім мен жылулық орнап, ата-ананың қуанышы бала жетістігімен еселене берсін!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
Бұқар жырау ауданының
әкімі

Асхат ӘЛИ,
Бұқар жырау аудандық
мәслихатының төрағасы

Дорогие жители района!

Примите искренние поздравления с Днём семьи!

Семья - это то, с чего начинается жизнь каждого человека. Здесь мы впервые учимся любить, заботиться, уважать старших, быть ответственными за тех, кто рядом. Именно в кругу близких человек находит поддержку в трудные минуты, разделяет радость и черпает силы для новых свершений.

Для нашего народа семейные ценности всегда были неотъемлемой частью жизненного уклада. Уважение к старшим, забота о родителях, любовь к детям, преемственность поколений - эти традиции остаются важными и сегодня. В крепкой семье рождается уверенность в будущем, формируется характер детей и сохраняется связь поколений.

Особые слова признательности хочется адресовать семьям, которые своим примером показывают, что настоящее семейное счастье строится на доверии, взаимном уважении, терпении и ежедневной заботе друг о друге. Благодарим родителей за их непростой и благородный труд, бабушек и дедушек - за мудрость и тепло, которые они передают детям и внукам.

Пусть в каждом доме будет мир и взаимопонимание, пусть родные всегда остаются главной опорой друг для друга. Желаем всем семьям крепкого здоровья, благополучия, душевного тепла и радостных событий.

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
Бухар-Жырауского района
аким

Асхат ӘЛИ,
председатель
районного маслихата

Спортшы ұлт

Біздің жігіттер ел намысын қорғады

Өткен апта барша қазақ елін рухтандырып, жігерлендірген күндерге толы болды. Көшпенділер ойындарында ел намысын қорғаған спортшыларымыздың әр сайысын үйде отырып тамашалап, тақым қысып, жеңісін тілеп, әр ұпайына қуанып отырдық.

Бірде алаңдап, бірде шаттыққа бөленіп, алуан күй кешкен халықтың бұл қолдауы экранның ар жағынан сезіліп, әр спортшымыздың жанында бүкіл қазақ елі тұрғандай әсер сыйлады. Жұдырықтай жұмылған елдің ақ тілегі мен спортшылардың жігері тоғысып, ортақ тілек ортақ жеңіске жеткізді.

VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын Қазақстан құрамасы жалпы 74 медальмен қорытындылап, командалық есепте 1-орынға ие болды. 31 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында Қырғызстанда өткен дүбірлі додада қазақстандық спортшылар 32 алтын, 20 күміс және 22 қола медаль жеңіп алды.

Биылғы Көшпенділер ойындары әлем халықтарының

дәстүрлі ұлттық спорт түрлерін біріктірген ауқымды халықаралық додаға айналды. Жарыс барысында спортшылар тек күш пен шеберлігін сынап қана қоймай, көшпенді халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрін де таныстырды. Додаға 109 елден 3 мыңға жуық спортшы қатысып, спорттың 42 түрінен бақ сынады.

Қазақстан құрамасының спортшылары аударыспақ, жамбы ату, қазақ күресі, алыш, армрестлинг, арқан тартыс, тоғызқұмалақ, мангала, дәстүрлі садақ ату, ат жарысы және басқа да ұлттық спорт түрлерінен жоғары нәтиже көрсетті.

VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Қазақстан ұлттық құрамасының сапында Қарағанды облысынан 8 спортшы ел намысын қорғады. Олардың қатарында Бұқар жырау ауданынан барған жерлестеріміз де жоғары нәтиже көрсетті.

Байқадамдық ат құлағында ойнайтын спортшымыз Мираc Тақауиев Қазақстан құрамасының сапында көкпардан жарысқа қатысып, командасымен бірге күміс медаль иеленді.

Ал тазы жарысында Баймырза ауылының өкілі Нұрдәулет Мырзаханов ел намысын қорғады. Оның Найза атты тазысы финалдық кезеңге дейін жетіп, жарысты төртінші орынмен аяқтады.

– Жарыс өте жоғары деңгейде өтті. Ашылу салтанаты керемет ұйымдастырылған. Спортшыларды қарсы алудан бастап, әр сайыстың өтуіне дейін барлығы бүге-шігесіне дейін ойластырылып, мінсіз ұйымдастырылған. Қырғыз елі әлемді таңдандырған деңгейде дайындық көрсете алды. Тазы жарысына қазақ жерінен Көкшетау, Астана, Қарағанды қаласынан 3 тазы қатысып отыр. Менің Найза атты тазым финалдық кезеңге өтіп, төртінші орынға ие болды. Бірінші орынды өзбекстандық, екінші орынды қырғызстандық, үшінші орынды тағы бір өзбекстандық тазы иеленді, – деді Нұрдәулет Мырзаханов.

Көшпенділер ойындары – ұлттық спорттың ғана



емес, ұлт рухының да үлкен мерекесіне айналды. Дода барысында ат үстіндегі айбынды азаматтарымыз бен ұлттық ойындардың әрбір көрінісі атадан балаға жалғасқан дәстүріміздің өміршеңдігін тағы бір дәлелдеді.

Бір апта бойы ел болып тақым қысып, спортшыларымызбен бірге толқыдық, жеңісімен бірге қуанып, әр жетістігін өз жеңісіміздей қабылдадық. Өйткені бұл – жай ғана жарыс емес, ұлттың рухын ұлықтаған дүбірлі дода болды.

Жеңіс жолындағы әрбір спортшымызға мың алғыс! Қазақтың рухы асқақ, көк туымыз биік болсын!

Б.ЖАКЕШОВА

Суретте: көкпаршы М.Тақауиев; ортада Н.Мырзаханов тазысымен.